



# Болашақ бағдары

**Н.Ә.Назарбаевтың кезекті Жолдауын түсіндіру мақсатында Қарағанды облысының түсіндіру тобы Шахтер ауылында болып, жалықпән кездесті.**

көшудің басты тетіктерін атап көрсетті, - деп бастады кездесуді түсіндіру тобының жетекшісі Мұрат Кадеков. Жолдаудың 10 бағытына жеке-жеке



Нұра ауданы әкімінің орынбасары Мұратбек Тұраров ашып жүргізген кездесуге Қарағанды облысының Мемлекеттік сатып алу басқармасының бастығы Мұрат Кадеков, Қарағанды облысы мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы бастығының орынбасары Ерлан Нелдібаев қатысты.

- Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» тақырыбындағы биылғы Жолдауы дамыған елдердің қатарына қосылу үшін жедел жүзеге асуы тиіс 10 жаңа міндетті белгілеп берді. Ел дамуының кезең-кезеңін сатылап, жүйелеп келе жатқан үндеулермен салыстырғанда, кезекті Жолдаудың басты ерекшелігі – қоғам өмірінің түрлі салаларында IT технологияларын тереңдей енгізіп, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын қолданысқа енгізуге бағытталуында. Елбасы өнеркәсіптік озық технологиялардың әлемдегі үздік стандарттарын қабылдау арқылы дамудың жаңа сапасына

тоқталып, осыған сай өңір бойынша атқарылып жатқан істер жайлы кең ауқымда мағлұмат беріп өтті.

Кездесу барысында Ерлан Нелдібаев Н.Ә.Назарбаевтың наурыз айында жарық көрген «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуі жайлы жан-жақты мағлұмат берді.

Сонымен қатар бір жарым сағатқа созылған кездесу барысында латын графикасына көшу, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, шет тілдерді меңгеру туралы пікірлер айтылып, пысықталды. Тағы бір ерекше тоқтала кетер жайт, Елбасының мұғалімдер қауымының мәртебесін көтеруге ерекше назар аударып, ұстаздардың әлеуметтік жағдайын көтеруге байланысты берген тапсырмасын қолдаған ауыл азаматтары ерекше ықыласпен қабылдағанын жеткізді.

**Т.Пішенбаева**